

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1368 Қаулысы

Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасы периметрінің бойындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарамағына берілген аумағынан Қазақстан Республикасы азаматтарының көшірілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 273382963 теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Көрсетілген қаражат мыналарға бөлінеді деп белгіленсін:
267339159 теңге - жылжымайтын мүлікке өтемақыға;
3767900 теңге - 50 еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен әрбір отбасының көліктік шығыстарын өтеуге;

1750695 теңге - 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен отбасының әрбір мүшесіне бір жолғы жәрдемақы төлеуге;

525209 теңге - қолданыстағы заңнамада белгіленген мөлшерде 3 тәулікке арналған есеппен отбасының әрбір мүшесіне тәуліктік шығыстарды төлеуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айлық есептік көрсеткіш мөлшері тағайындалған сәтіне есептеледі.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне бөлінетін қаражатты тиімді игеру мақсатында кейіннен аккредитивті 2005 жылы ұзарта отырып, ағымдағы қаржы жылында аккредитив ашуға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі